



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№4 5 қаңтар 2021 жыл сейсенбі



16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай ҚР Денсаулық сақтау министрі А.Цойдың бұйрығымен "Денсаулық сақтау ісіне қосқан жеке үлесі мен мінсіз адал еңбегі үшін" колледж оқытушысы Ж.Р. Алтынбековаға Алғыс жарияланды.



Акушерлік ісі мамандығы бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін үздік әдістемелік нұсқаулыққа арналған республикалық байқауға колледж оқытушысы Ф.Д. Тұрмысова "Жүктілік физиологиясы. Жүктілік диагностикасы. Жүкті әйелді тексеру әдістері" тақырыбында, әдістемелік құрал дайындағаны үшін Сертификатпен марапатталды.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдығына орай ұйымдастырылған облыстық "Тәуелсіз ел ұланымын" атты бейнероликтер байқауында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің белсенді студенттер Д.Омар мен М.Қуанышбай ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.



М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің "Аналар" кеңесінің ұйымдастыруымен, "Рухани жаңғыру - берекелі отбасынан басталады" тақырыбындағы республикалық конференцияға қатысқаны үшін колледж студенттері З.Нарчаева, М.Ерова, Б.Мукашева, А.Сокуренокға Сертификат берілді. Жетекші: Қ.Ж. Айдарбекова.



Көкшетау жоғары медициналық колледжінің ұйымдастыруымен "Ф.Найтингейл және Қазақстандағы мейіргер ісінің дәстүрлері" атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысқаны үшін Жамбыл жоғары медициналық колледж студенттері Ә.Қасымханға, Ш. Исмаиловаға, К. Танкишеваға және колледж оқытушылары Р.Д. Мухажанова, Г.С. Токкулиева, Қ.А.Тойланбаеваға СЕРТИФИКАТ берілді.



OQU-ZAMAN қосалқы білім сайтының ұйымдастыруымен "Кәсібиліктің құпиялары 2020" атты Республикалық қашықтық конкурсында колледж оқытушысы А.Б. Амангелдиева

1 орынға ие болды.

"ZIAT" Ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен "Жас білімпаз" атты қашықтықтан өткізілген XI Республикалық оқытушылар мен студенттердің ғылыми жұмыстары сайысында колледж студенттері Ж.Б. Бегманова және Г.Д. Дүйсенова 1 орынға ие болды. Жетекші: Н.Б.Бердіш.



"Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығының ұйымдастыруымен "'Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы негізінде тәрбиелеу мен оқыту жүйесін қалыптастыру" әдістемелік онлайн-семинарға қатысқаны үшін колледж оқытушысы Т.С.Алимуловаға Сертификат берілді.



№4 5 қаңтар 2021 жыл

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

“Сала көшбасшысы - 2020” 1

ҚазҰМУ филиалының ашылуы 2

Робототехникамен жабдықталған ІТ орталығының ашылуы 3

Заманауи ағылшын тілі кабинетінің ашылуы 4

ҚР - Тәуелсіздік күні 5

Кездесу 6

“Отан - отбасынан басталады” ата-аналар жиналысы 7

Құттықтау! 8

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№4 5 қаңтар 2021 жыл сейсенбі



№4 5 қаңтар 2021 жыл сейсенбі

“Сала көшбасшысы-2020”


1



Ұлттық бизнес рейтингі бойынша ШЖҚ КМК "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" мемлекеттік кәсіпорындар арасында Қазақстан экономикасы мен кәсіпкерліктің тұрақты дамуына қосқан үлесі және нәтижелі қызметі үшін "Сала көшбасшысы-2020" атағына ие болды.

ҚР Тәуелсіздік күні

3



10.12.20ж. № 1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдік әдістемелік комиссиясы оқытушылары ІІ курс студенттерінің арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдығына арналған «Менің қасиетті Қазақстаным» тақырыбында Виртуалды саяхат ұйымдастырды.

ҚазҰМУ филиалының ашылуы

2



28.12.20ж. Облыс әкімі Б.Сапарбаев пен ҚазҰМУ ректоры Т. Нұрқожин Тараз қаласындағы Жамбыл жоғары медициналық колледжінің базасында аталған университетінің филиалын ашты. Колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова қонақтарға пәндік кабинеттерді аралатып, телестудия, мұражай, кітапхана және мемлекеттік электрондық қызметтерді ұсынуға арналған орталықтарды таныстырды.

12.12.2020ж. Колледждің №1 әлеуметтік-экономикалық ізгілендіру пәндері циклдік әдістемелік комиссия оқытушылары 1 курс студенттерінің арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдығына арналған "Қазақстан Тәуелсіздігі мәңгілікке" тақырыбында сурет байқауын өткізді.



Заман талабына сай кабинеттердің ашылуы

3



28.12.2020ж. ІТ кабинет студенттердің дарынын ұштап, сандық технологиялар бағытындағы білімін арттыру мақсатында колледжімізде робототехника мен жабдықталған ІТ орталығының салтанатты ашылуы өтті. Мұнда инновациялық технологияны игеруге икемі бар жас таланттар білімін арттырып, шеберлігін шындап, түрлі байқауларға дайындалуға мүмкіндік алады.


14.12.2020 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 16-желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29-жылдығына орай, “Тәуелсіз елім- тірегім” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Кураторы: Нурбаева Р.Т. 216 "Фармация" тобы.

15.12.2020 ж. Колледждің "Жас Сарбаз" жас патриоттар клубының ұйымдастыруымен 16 - желтоқсан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, "Мен, Тәуелсіз елдің ұланымын!" тақырыбында іс-шара өтті. Ұйымдастырушы: "Жас Сарбаз" клубының жетекшісі Ж. Бегалиев



Кездесу


5




30.12.2020ж. Колледждің «Мейіргер ісі» 206 топ студенттерімен Б.А.Қырықбаева сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының жоспары бойынша «Нығмет Нұры» қоғамдық бірлестігінің басшысы Ш.Б.Сүйімкүл және «Жамбыл облысы Азаматтық альянсы» заңды тұлғалар қауымдастығының заңгері А.Ю. Зайнутдиновпен «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тақырыбында кездесу өткізді.

«Отан-отбасынан басталады» ата-аналар жиналысы

4



22.12.2020 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, «Отан-отбасынан басталады» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Кездесу қонақтары: Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ аға инспекторы, полиция майоры Н. Батырханов пен ЖРО жастар ісі жөніндегі инспекторы Т.Ә.Тұрдалы ата - ананың бала тәрбиесіндегі алатын орны ерекше екендігін ескере отырып, балаларын құқық бұзушылықтар жасамауға шақырып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Құттықтау

6



Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін "Қазақстан республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері" белгісімен колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Куанышбекова марапатталды.



Жамбыл жоғары медициналық колледжі "Үздік тәлімгер - 2020" облыстық байқауында "Жоғары кәсіби шеберлік пен тәлімгерлік" номинациясына ие болды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, әлеуметтік серіктестіктер мен колледждердің бірлескен "Үздік тәлімгер-2020" облыстық сырттай байқауының жеңімпазы Жамбыл жоғары медициналық колледж студенті Г.М. Қыдырәлі және Жамбыл облыстық көп бейінді балалар ауруханасының дәрігері Г.А.Садыкова Алғыс хатпен марапатталды.



16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай ҚР Денсаулық сақтау министрі А.Цойдың бұйрығымен "Денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін" ақпараттық технологиялар орталығының меңгерушісі А.Е.Исмаилова Құрмет Грамотасымен марапатталды.